

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Е.А. БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
КАРАГАНДИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АКАДЕМИКА Е.А. БУКЕТОВА**

**ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ ПОСТКЕҢЕСТІК МОДЕЛЬДЕРІ:  
30 ЖЫЛДЫҚ ТӘЖІРИБЕ**

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференцияның материалдары бойынша мақалалар жинағы

*11 желтоқсан*

\*\*\*

**ПОСТСОВЕТСКИЕ МОДЕЛИ СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ  
МОДЕРНИЗАЦИИ: ОПЫТ 30-ЛЕТИЯ**

Сборник статей по материалам международной научно-практической онлайн конференции, посвященной 30-летию Независимости Республики Казахстан

*11 декабря*

Караганда 2021 год

ӘОЖ 322/323 (574) (063)  
ББК 66. 3 (5 каз)  
Қ18

**Техникалық редакторлық алқасы – Техническая редакционная коллегия:**

Искаков Е.Р. – саяси ғылымдар магистрі/магистр политических наук  
Абулова М.С. – «Саясаттану» мамандығы бойынша магистрант/магистрант специальности «Политология».

**Модернизацияның посткеңестік әлеуметтік-саяси модельдері: 30-жылдық тәжірибе.** Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференцияның материалдары бойынша мақалалар жинағы. – Қарағанды: ЖК Марченко Идилия баспасы, 2021. – 250 б.

**Постсоветские модели социально-политической модернизации: опыт 30-летия.** Сборник статей по материалам международной научно-практической онлайн конференции, посвященной 30-летию Независимости Республики Казахстан. – Караганда: ЖК Марченко «Идилия» баспасы, 2021. – 250 с.

ISBN 975-9955-37-821-5

Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ-дың философия және психология факультетінің саясаттану және әлеуметтану кафедрасының ұйымдастыруымен өткізілген **«Модернизацияның посткеңестік әлеуметтік-саяси модельдері: 30-жылдық тәжірибе» атты** Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференцияға қатысушылардың ғылыми зерттеулерінің нәтижелері көрсетілген.

В сборнике научных трудов международной научно-практической онлайн конференции **«Постсоветские модели социально-политической модернизации: опыт 30-летия»**, посвященной 30-летию Независимости Республики Казахстан, проведенной кафедрой политологии и социологии факультета философии и психологии КарУ имени академика Е.А. Букетова представлены результаты научных разработок участников конференции.

ISBN 975-9955-37-821-5

## МАЗМҰНЫ/ОГЛАВЛЕНИЕ

1.	<b>Абилгазиева А.А.</b> (Актюбинская область, Казахстан) Организация дистанционного обучения в условиях пандемии	6
2.	<b>Абилхаирова Ш.Г.</b> (Алматы, Казахстан) Дифференциация и индивидуализация обучения в условиях дистанционного обучения	8
3.	<b>Абулова М.С.</b> (Нур-Султан, Казахстан) Модернизация общественного сознания как элемент инновации в политике	10
4.	<b>Айтбек М.Н.</b> (Қарағанды, Қазақстан) Посткеңестік қоғамдағы саяси жаңғырудың ерекшеліктері: демократиялық-экономикалық аспект	15
5.	<b>Акимжанова С.К.</b> (Ақтобе, Қазақстан) Бастауыш сынып оқушыларының креативтілік қабілетін дамыту	18
6.	<b>Алимова С.Б.</b> (Караганда, Казахстан) Культурная политика как стратегия «мягкой силы» Республики Казахстан	20
7.	<b>Абдугалина С.Е., Амангелді Е.М.</b> (Нұр-Сұлтан, Қазақстан) Пандемиялық жағдайда қазақстандағы мектептердің қызметі	26
8.	<b>Андирова В.Т., Уразбаева А.Д.</b> (Ақтобе, Қазақстан) Пандемия жағдайында қашықтан оқыту мәселелері	31
9.	<b>Апсалямова К.Ж. Резвушкина Т.А.</b> (Караганда, Казахстан) Гендерные особенности семейно-бытового насилия	33
10.	<b>Байбосынова Ж.Ж.</b> (Ақтобе, Қазақстан) Болашақ педагогтің кәсіби шеберлігін жетілдіру	41
11.	<b>Балышова Ж.Б.</b> (Ақтобе, Қазақстан) Жаһандық жаңғыру жағдайында ағылшын тілін кіріктіре оқыту	44
12.	<b>Бердимуратова К.С.</b> (Ақтобе, Казахстан) Управление познавательной деятельностью в условиях дистанционного обучения	46
13.	<b>Бисеналин М.М.</b> (Ақтобе, Казахстан) Воспитание ценностей в условиях обновления образования	48
14.	<b>Внукова Н.Н.</b> (Харьков, Украина) Эволюция модели международного взаимодействия на глобальном уровне в сфере борьбы с терроризмом	51
15.	<b>Джоланов Е.Е.</b> (Тараз, Қазақстан) Интеграциялық процестерді дамытудың заманауи мәселелері мен перспективалары	52
16.	<b>Еламанова А.С., Авсыдыкова К.А.</b> (Алматы, Қазақстан) Қазіргі Қазақстандағы жалғызбасты жас аналар: әлеуметтік жағдайы мен өзекті мәселелері	59
17.	<b>Елисеева И.А.</b> (Орск, Россия) Роль внеаудиторной работы студентов в условиях пандемии	63
18.	<b>Ельбаева Г.Т.</b> (Ақтобе, Казахстан) Интеграция и межпредметные связи на уроках английского языка	65
19.	<b>Есенғалиева Г.А. Жұмағұлов Е.Т.</b> (Қарағанды, Қазақстан) Экологиялық ортаны жақсарту бойынша жүргізілетін шараларды тиімділігі мәселесі (Қарағанды облысының мысалында)	68
20.	<b>Әмірова Б.Ә.</b> (Қарағанды, Қазақстан) Рухани Жаңғыру – ұлттық психология ғылымының даму, заманауи қалыптасу негізі	73
21.	<b>Жақсыбаева А.Б.</b> (Ақтобе, Қазақстан) Пандемия жағдайында ұжым жұмысын оңтайлы ұйымдастыру қадамдары	82
22.	<b>Жаманбаева Г.Ж.</b> (Ақтобе, Қазақстан) Бастауыш сынып оқушыларының білім мен дағдысын дамыту мәселелері	85
23.	<b>Жанетова Ф.Б.</b> (Атырау, Казахстан) Оценка конкурентоспособности предприятия для оценки стоимости предприятия	87
24.	<b>Жаңабаева А.Р.</b> (Ақтобе, Қазақстан) Қашықтан оқыту процесінде сандық технологияларды оңтайлы қолдану	95
25.	<b>Жеңіс Ә.Қ.</b> (Қарағанды, Қазақстан) Қазіргі заманғы интеграцияның психологиялық ерекшеліктері	98
26.	<b>Жұмағұлов Е.Т., Әубәкір А.</b> (Қарағанды, Қазақстан) «Жастардың болашақ мамандықтарын таңдауға гендерлік стереотиптердің ықпалы»	78
27.	<b>Жұмағұлов Е.Т.</b> (Қарағанды, Қазақстан) Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқару институтының қалыптасу кезеңдері	101

ауыл шаруашылығы өндірісінің тәуекелдерін субсидиялау және міндетті сақтандыру. Біз оларды қолдануды жалғастырамыз.

Орталық Азия мен барлық посткеңестік кеңістіктегі интеграциялық процестердің қалыптасуы мен қалыптасуында көмірсутегі ресурстарына бай және экономикасы қарқынды дамып келе жатқан Қазақстан, жаһандық саясатта елеулі акторға айналған ел маңызды рөл атқарады. Посткеңестік кеңістіктегі интеграциялық процестерге қатысуды Астана әрқашан өзінің сыртқы саясатының басым бағыты ретінде анықтады. Осылайша, Қазақстан Президенті Н. Назарбаев өзінің халыққа Жолдауларының бірінде **«Қазақстан өзін интеграция мен көпжақты ынтымақтастықтың берік жақтаушысы ретінде жариялағанын»** атап көрсетеді.

#### **Әдебиеттер:**

1. Баймуратов У.Б. Национальная экономическая система. – Алматы: Гылым, 2009. – 563 с.
2. Исингарин Н.К. Казахстан и Содружества: проблемы экономической интеграции. Учебное пособие. – Алматы, 2000. – 216 с.
3. Кошанов А.К. и др. Смешанная экономика: трансформационная модель развития Республики Казахстан. – Алматы, 1997. – 169 с.
4. Новый этап экономических реформ и прогноз социально-экономического развития Республики Казахстан. Казахстанская правда, 2 февраля 2008 г.

#### **Еламанова Айнур Султановна**

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
«Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс» кафедрасының 3 курс докторанты

#### **Авсыдыкова Куралай Адылжановна**

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
«Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс» кафедрасының аға оқытушысы,  
әлеуметтану ғылымдарының кандидаты

#### **Қазіргі Қазақстандағы жалғызбасты жас аналар: әлеуметтік жағдайы мен өзекті мәселелері**

Қазіргі әлемдегі жаһандық құбылыстардың бірі – дәстүрлі отбасы институтының түбегейлі өзгеріске ұшырауы. Соңғы жылдары әлем бойынша некеден тыс дүниеге келген балалар санының артуы жыныстық қарым-қатынаста жұптардың бір-біріне белгілі бір жауапкершілікті міндеттемейтінін аңғартып келеді. Бұл **«неке»** мен **«туу»** арасындағы айырмашылық үдерісін көрсетеді, яғни қазіргі қоғамда некелі адамдардың барлығы дерлік балалы болуы міндетті еместігі немесе баланы дүниеге әкелуші ананың некеде болуы міндетті саналмайтындығы кең таралған. Ғалымдар, әсіресе әлеуметтанушылар бұны әйелдердің материалдық тұрғыдан мүмкіндігінің мол болуын, сонымен бірге қоршаған ортаның жалғызбасты жас аналарға деген көзқарасының кінәлаудан көрі аяушылық, қамқорлық көрсету деңгейіне ауысуымен түсіндіреді. Статистикаға сүйенсек, Еуропада дүниеге келген балалардың 35%, ал Ресейде 40%, ал тіпті халық саны мен баланы жоспарлау мәселесі мемлекет тарапынан қатаң бақыланатын Қытайдың өзінде 13% ана некеден тыс бала туады екен [1].

Ал некеге тұрудың міндеттілігі, отбасылық қарым-қатынастың тұрақтылығы, ер адамның отбасындағы рөлінің басымдығы, некеде балаларды дүниеге әкеліп, тәрбиелеу секілді негізгі басымдықтармен айқындалатын қазақ отбасының бүгінгі

трансформациясы, жалғызбасты аналардың әлеуметтік жағдайы қандай және олар қандай қиындықтарға тап болады деген сұрақтар төңірегінде сөз өрбітейік.

Қазақстандық ғалымдар **«Қазақстанның отбасы институты күрделі өзгерулерден өтіп жатқанын, оған экономикалық, саяси, психологиялық, тарихи, мәдени факторлар, ішкі жағдайлар мен сыртқы жағдайлар әсер ететінін түсіну керек. Мұндай жағдайларда отбасына қатысты мақсаттар қалай өзгеретінін және дамитынын түсіну қажет»** [2, 406] екендігін айта келе, «Қазіргі жастар отбасылық ерлі-зайыптылық қатынастар туралы өте аз біледі, отбасын құруға ұмтыла бермейді, көбінесе серіктестіктің еркін түрлерін қолданады және өзінің репродуктивті денсаулығына тиісті деңгейде қарамайды. Жалғызбасты ата-ана отбасылары санының өсуі байқалады, ерте жаста некелесулер көп, ажырасулар жиі болуда. Жастарды отбасылық өмірге дайындау процесі жас-жыныстық айырмашылықтарды ескере отырып, жүйелі психологиялық-педагогикалық әсерді, сондай-ақ отбасылық қатынастар саласында кеңес беру және білім беру жұмыстарын жүргізуді қамтиды» деп атап көрсетеді [2, 976].

Қазақстандық қоғам некеден тыс баланың туылуын құптамайтыны рас, бірақ оның алдын алу жөнінде қандай жұмыстар атқаруда, бұл басқа мәселе. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде қыз баланың некесіз бала табуы мүлде болмаған, ара-тұра осындай оқиға орын алған жағдайда сол әулет абыройдан айырылған. Қыз баласын құтты қонағындай сыйлайтын қазақ халқының сөздік қорында **«жалғызбасты ана»** түсінігінің болмауы бұл үрдістің кейінгі жылдары ғана белең алғанын аңғартады.

Соңғы жылдары бұл тенденцияның көбею себебіне отандық ғалымдар, олардың ішінде дәрігерлер, демографтар, әлеуметтанушылар, құқықтанушылар, психологтар назар аудара бастады. Жалғызбасты жас аналар, олардың құқықтары мен статусы туралы мәселеде ғалымдар мен сарапшылардың пікірлері тоқайласа бермейтіні рас, ол дәстүрлі моральдық құндылықтар мен қазіргі шынайы өмірлік жағдайлар арасындағы алшақтықпен түсіндіріледі.

**«2020 жылдың I жартыжылдығында ауыл қыздары арасында босанудың ең жоғары көрсеткіштері байқалады – 1486 (55 %), ал қала қыздары арасында көрсеткіш – 1196 (45%). Айта кетері, ауылдық жасөспірімдер қалалық құрдастарына қарағанда жоспарланбаған жүктілік проблемаларына жиі кезігеді»** [3, 35]. Жоспарланбаған жүктіліктің, ерте жастан төсек қатынасына түсудің соңы жалғызбасты жас аналар санының артуына әкеп соғады. Ерте жыныстық қатынаста болудың кәмелетке толмаған жастар арасында белең алуы туралы деректер бұл проблеманың салдарлары тереңдегеніне дәлел бола алады. Қазақстанда **«жыныстық қатынас жасау тәжірибесі бар 15-19 жастағы жастардың үлесі – 29,4%, жыныстық өмір бастаудың орташа жасы – 16,5 жас; жыныстық қатынас бастаған 15-19 жастағы жастардың 44%-тен астамының бірнеше серіктесі бар»** [4, 12]. Сонымен бірге ірі қалаларға сырттан келіп қоныстанушылардың шоғырлануы жалғызбасты аналардың әлеуметтік тобының өсуіне себеп болатыны да дәлелденіп отыр.

Жасөспірім қыздардың некелесуге дейінгі жүктілігі көбіне түсік жасатуға немесе ерте ана болуына әкеп соғады. Деректер бойынша 2020 жылдың бірінші жартыжылында 15 жастан 18 жасқа дейінгі жасөспірім қыздар арасында жасалған жасанды түсік жасатулардың ең көп саны Түркістан, Қарағанды, Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қостанай және Маңғыстау облыстарында тіркелген екен.

Жас қыздардың жүкті болып қалуы көбіне олардың сақтану әдістері туралы ақпараттан хабарсыздығымен, контрацепция құралдарына қол жеткізе алмауымен түсіндіріледі. Сондықтан, жүктіліктің алдын алу проблемасы қыздардың репродуктивті денсаулығын қорғау бағдарламаларында басым маңызға ие болуы қажет. Жастар арасында жыныстық жетілудің тым қарқынды дамуы, жасөспірімдердің жыныстық белсенділігінің өсуі, отандық білім беру жүйесінде жоспарланбаған жүктіліктің алдын-алу мәселелері бойынша арнайы бағдарламаның болмауы **«жас ана»** мәселесін өзекті етіп отырғандығын ұмытпауымыз керек.

Тәжірибесіз жас ананы қоғамдық ортаға әлеуметтік бейімдеу, өмірге әкелген баласын бағуға, дұрыс тәрбие беруге үйрету, бала алдындағы аналық жауапкершілік міндетін ұқтыру, қоғамнан өз орнын табуы үшін білім алуын, мамандық игеруіне жәрдемдесу мәселелерін шешуде, яғни жас ананың экономикалық, әлеуметтік, психологиялық, мәдени, құқықтық проблемаларын шешуде мемлекеттің қолдауы өте маңызды.

Көптеген елдерде жас аналардың білімін жалғастыруына, белгілі кәсіпті игеруіне, жұмысқа орналасуына ықпал ету жұмыстары жүйелі жолға қойылған [5]. Ресейлік ғалымдар кәмелетке толмаған жас қыздардың ана болуының статистикалық деректерін және мекемелердің жұмыс тәжірибесін зерттей келе **«жас аналардың басындағы бар проблемаларды шешуге ғана емес, сонымен бірге жасөспірімдердің ана болуы проблемасына әлеуметтік құбылыс ретінде қарап, оның алдын алу мәселесіне барынша назар аудару керектігін»** атап өтеді [6, 123].

**Жалғызбасты ананың әлеуметтік жағдайы көптеген елдерде мына қағидаттар бойынша бағаланады:**

- қоғамдағы басқа адамдардың оларға деген қарым-қатынас дәрежесі;
- негізгі қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін олардың материалдық қамтамасыз етілу деңгейі;
- отбасында да, қоғамда да ықпал ету кезіндегі олардың билік мүмкіндіктері.

Байқап отырсақ, жалғызбасты аналарға көбіне билік пен материалдық ресурстар жеткіліксіз. Ал **«әлеуметтік бедел»** аспектісінде ресейлік қоғамда жас жалғызбасты аналарға селоларда жағымсыз көзқарас анығырақ байқалса, ірі қалаларда немқұрайлылық басым [7]. Біздің қазақстандық қоғамда да жалғызбасты аналарға деген көзқараста енжарлық, мән бермеушілік басым болып бара жатқаны айтылып та, жазылып та жүр. Басқаша айтқанда, біздің қоғам жалғызбасты аналар санының көбеюін үйреншікті жағдай ретінде қабылдап, оларға қолдау көрсету мәселелерін көтерумен шектелуде.

**Жас аналардың мәселесін зерттеу барысында мынаған назар аударған жөн:**

1. Жалғызбасты жас аналар мәселесі қазіргі уақытта тек біздің қоғамда ғана емес, көптеген мемлекеттерде, әлемде өзекті болып табылады. Ол некеге, отбасына, әйелге деген көзқарастың трансформацияға ұшырауымен түсіндіріледі, бұл жас аналар мен некесіз туған балаларды әлеуметтік қорғаудың қажеттілігімен ұштасып жатыр.

2. Жалғызбасты жас аналардың әлеуметтік жағдайын талдау олардың әлеуметтік орны мен оның құрамдас бөліктерінің (бедел, билік және материалдық ресурстар) төмен деңгейде екендігін көрсетеді. Бұл, ең алдымен, жалғызбасты жас аналардың мінез-құлықтың рөлдік модельдерін жүзеге асыра алмауына байланысты (мансаптық өсе алмауы, материалдық байлыққа қол жеткізбеуі, қоғам

тарапынан қолдау мен құрметтеуге лайық болмауы, отбасындағы әлсіз ұстанымы, қолдаудың жоқтығы және т.б.).

3. Көптеген мемлекеттерге тән жалпы тенденцияларға қарамастан, әсіресе Шығыс пен батыс елдерінде жас аналарға деген көзқараста едәуір айырмашылықтар бар.

Қазақстанда бала тууды арттыру, ана мен баланы әлеуметтік қолдау, халықтың репродуктивті денсаулығын қорғау, жасанды түсік жасатудың алдын алуға бағытталған шаралар кешенін іске асыру мемлекеттік әлеуметтік саясаттың басым бағыты болып табылады. **Осыған байланысты, қазіргі уақытта демографиялық саясаттың мынадай бағыттары аса өзекті:**

– балалар, жастар, сондай-ақ олардың ата-аналары арасында салауатты өмір салтын насихаттау, денсаулықты сақтау тәсілдері мен нысандары туралы хабардар ету;

– жастардың арасында отбасының беделін және қоғамдағы отбасылық құндылықтарды нығайту;

– отбасын әлеуметтік қорғауды жетілдіру, оған мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау көрсету;

– көп балалы отбасы болуға құлшынысы бар жастарды қолдау, оларға барынша көмектесу;

– жастар үшін денсаулық сақтау, психологиялық қызмет көрсету жүйелерінің жұмысын қол жетімді ету.

Аталған іс-шараларды іске асыру жасөспірімдердің денсаулығын нығайтуға, ауруды азайтуға, өмір сүру ұзақтығы мен сапасын арттыруға ықпал етеді. Ал ол өз кезегінде ерте жүктіліктің, жастай ана болудың алдын алуға үлес қосады.

#### **Әдебиеттер:**

1. Почагина О.В. Одинокие матери в современном Китае: статус и проблемы // Проблемы Дальнего Востока. – 2015. – №4. – С. 128-140

2. «Қазақстандық отбасылар – 2020» ұлттық баяндамасы/Д.Н. Есин, Ә.С. Кайдарова, Ж.С. Батталова, А.К. Ракишева, А.И. Досмухамбетова, Г.М. Мұхамбетқалиева, А.М. Әшімова, А.Б. Иманқұл, З.Т. Алинова, Б.К. Ермекбаева, Ж.А. Маратов, Д.К. Арапов, Ж.К. Каримова, А.Н. Родионов, А.Ж. Баграмова, О.В. Николаева, А.Б. Турекулов – Нұр-Сұлтан қ.: 2020. – 390 б.

3. «Қазақстан жастары – 2020» Ұлттық баяндамасы. Национальный доклад «Молодежь Казахстана – 2020». «National report Youth of Kazakhstan – 2020». Авторлар ұжымы: Удербаетова Г.Ж., Сабитов Ж.М., Жусупова А.С., Жолдыбалина А.С., Ермаханова С.А., Шакенов М.А., Абуова Д.Г., Ахантаева С.Ж., Сакошев А.К., Паули Э.С. «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы, 2020. – 392 б.

4. 2020-2022 жж. арналған Қазақстан Республикасында ресурстық жастар денсаулық орталығын дамыту стратегиясы. [Электрондық ресурс]: Қол жеткізу режимі: [https://kazakhstan.unfpa.org/sites/default/files/pub-pdf/kaz\\_strategiya\\_10\\_1.p](https://kazakhstan.unfpa.org/sites/default/files/pub-pdf/kaz_strategiya_10_1.p)

5. Глобальная стратегия охраны здоровья женщин, детей и подростков (2016–2030 гг.). Выживать Процветать Менять. – Всемирная организация здравоохранения. Женева. 2015г. – 108 стр. [Электронный ресурс]: Режим доступа: [http://www.who.int/maternal\\_child\\_adolescent/documents/global-strategy-women-children-health-ru.pdf](http://www.who.int/maternal_child_adolescent/documents/global-strategy-women-children-health-ru.pdf)

6. Ростовская Т.К., Шимановская Я.В. Феномен юного материнства: проблемы, тенденции // Журнал ЛОКУС. Издатель: МПГУ, 2017. – №1 – С. 119-126.

7. Левая Н.А. Социальный статус одиноких матерей в российском обществе //Образование, Наука, Инновации: Южное измерение. 2013. – №5 – С.60-64.

**Елисеева Ирина Александровна**

Орский гуманитарно-технологический институт (филиал) ОГУ,  
к.ф.н., доцент кафедры иностранных языков

### **Роль внеаудиторной работы студентов в условиях пандемии**

**Образование** – это сложный, многогранный, целенаправленный процесс обучения и воспитания, действующий в интересах каждого члена общества, который обусловлен обязательным достижением человеком установленных государством образовательных уровней. Высшее образование дает уникальную возможность каждому гражданину приобрести фундаментальные знания, на основе которых построить целостную, всеобъемлющую картину мира, дающую возможность понять суть изменений, которые происходят как в окружающей действительности, так и самом человеке. Высшая ступень образования предоставляет платформу для получения качественной профессиональной подготовки в любой сфере деятельности.

Современная система высшего образования нацелена на воспитание в будущих выпускниках духовности, привитие моральных и нравственных качеств, без которых обогащение человеческого капитала, а также обеспечение целенаправленного самообразования и дальнейшего развития не представляется возможным.

Высшая ступень образования предполагает развитие компетенций в разных областях науки, одним из составляющих этой системы является изучение иностранного языка, как важнейшего элемента общечеловеческой культуры, включающего личность в мировую образовательную систему. Значимость изучения иностранного языка трудно переоценить. Занимая особую нишу в жизни каждого человека в отдельности и общества в целом, язык предоставляет уникальную возможность расширить знания обучающегося, выстроить его мировоззрение, по-новому взглянуть на существующую картину мира, познакомиться с иноязычной культурой, и, наконец, получить возможность стать участником межкультурной коммуникации, овладев навыками общения на иностранном языке.

Отличительной чертой современного времени стала жизнь в условиях глобальной пандемии. Ускоряющийся темп развития нового вируса привел к глобальным изменениям во всех без исключения сферах деятельности человечества. Не осталась в стороне и высшая ступень образования. Профессорско-преподавательский состав вынужден изыскивать новые и адаптировать существующие формы и методы обучения, применять новейшие технологии с целью организации высокоэффективного образовательного процесса, дающего возможность усвоения фундаментальных знаний и развития необходимых компетенций в сложившихся условиях.

Подобные вопросы непосредственно коснулись и качественной организации процесса обучения иностранному языку. Основной целью обучения иностранным языкам является формирование и развитие коммуникативной культуры обучающихся, обучение практическому овладению иностранным языком. Ситуация осложняется еще и тем, что овладение коммуникативной компетенцией на английском языке довольно затруднительно, если обучающийся не находится в стране изучаемого языка, не погружается в среду общения. Таким образом,